



С. Ж. АСФЕНДИЕВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА УНИВЕРСИТЕТІ

ТАКЫРЫБЫ: НАШАҚОРЛЫҚ ПАТОФИЗИОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.

Орындаған: Жылқыбай Айдана

Факультеті: ЖМ

Курс: 2

Топ: 10-1

Қабылдаған: Мырзагулова С.Е

Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

1. Нашақорлық-қоғам дерті

2. Нашақорлық этиологиясы

3. Нашақорлық пен уытқорлықтың патогенезі

III. Қорытынды

IV. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі.



Нашақорлық-наркомания (грек тілінен *narke* – мелшию және *mania* – ессіздік, кұтырыну) – есірткі заттарға патологиялық дағдыланудың нәтижесінде пайда болатын созылмалы ауру. Есірткі – ерекше және өлімге әкеліп соғатын сфера және бұл жерде гуманизм принциптерін қаншалықты қолдану толғандырады. Бір жағынан – оны жеткізіп, таратушы адамның өмірі, ал басқасында - оның «көмегімен» қиылған есірткіні пайдаланушының өмірі тұр.




Ғасыр індеттерінің
бірі нашақорлық
бұдан былай да
адамзат тұрған
жерде жойылмақ
емес деген
шешімге келген
шетелдік ғалымдар
мұны өркениетпен
бірге жүретін қара
құрт деп отыр.

Есірткі АҚШ-та ХІХ ғасырда пайда болды. Дәрігерлер алдына келген науқастарға, сай-сүйегіндей сырқырайтын ауруды басып, тез ұйықтататын дәрі-дәрмек ретінде адам ағзасының жалпы күш-қуатын арттыратын морфи мен опииннан алынатын препараттарды қолданатын.






- *Есірткіге әуестенген адамның өмірі қысқа болады дейді. Оның себебі неде?*



- **Нашақорлықпен ауратындардың өмірі ұзаққа бармайды. Алғашқыда ляззат алу үшін, кейіннен ауырмау үшін ғана қолданатын болады. Демек, алғашқыда ляззат алу үшін күніне 0,1 грамм кететін болса, кейін 0,2 грамм қолдануы керек болады. Сөйтіп, дозаны бірден өсіріп алады да, денелерін улап тастайды нәтижесінде мидың тыныс алу орталығы тоқтайды.**

Марихуана – кептірілген, ұсақ туралған жапырақтың, тұқымдар мен жасыл, қоңыр немесе сұр түсті сора гүлдерінің қосындысы. Марихуана – көптеген елдерде, оның ішінде Қазақстанда көп таралған заңсыз есірткі.

Марихуананы шегуді кейбіреулер денсаулыққа зиян емес деп санайды. Алайда, ол денсаулыққа үлкен зиян келтіреді.



Марихуананың ықпалындағы адамның басы айналады, жүрісі бұзылады, үнемі күле береді және есте сақтау қабілеті төмендейді.

Героин - ең алдымен опий пайда болды, содан кейін одан морфин алынды, одан героин шығарылды. Героин өзінің есірткілік белсенділігімен морфийнен әлдеқайда асып түседі. Ол қыздырғаннан кейін тамырға егіледі, шегіледі, онымен демалады. 2008 жылдың 8 айы ішінде Астана қаласында героиннің дозасын асырып қолданғаннан 19 жастан 30 жасқа дейін 48 адам көз жұмған.



Нашақорлардың түн ұйқылары бұзылады, артериалдық қан қысымы төмендейді, ине салу нәтижесінен тамырлары тесіледі, бауыры мен бүйректері ауырады, организмі дене және психологиялық жағынан әлсірейді, гепатит пен СПИД-ке шалдығады, ақырында өлімге әкеп соғады.

Кокаин — коки өсімдігінен шығарылған, негізінен ақ ұнтақ тәріздес есірткі. Кокаин ұнтағын ұсақтап мұрын арқылы тартады немесе тамырға енгізу үшін езеді.

Кокаинді тек бай адамдар қолдана алады, себебі оны сатып алу үшін аптасына мың доллардан астам ақша жұмсалады. Оған тез үйреніп кетуге болады.



Кокаинді қолданушылар паранойд болып келеді, олар миына қан құйылуынан, жүректің қысылуынан кенеттен өліп кетеді.


Алғашқы дозадан алған жақсы әсерлерді сезіну үшін кокаинді жиі және көптеп қолдану керек болады. Есірткіні алғашқыда эйфорияны сезіну үшін енгізсе, кейін тек өзін жақсы сезініп, күйзелу немесе шаршаған жағдайын кетіру үшін қолданады. Қолданудың ақыры — сандырақтауға, дем алуының бұзылуына, есінен тануына, ақырында өлімге әкеліп соғады.

Нашақорлық пен уытқорлықтың

патогенезі

Есірткілер мен уыттардың құрамында және әсер ету жолдарында белгілі айырмашылықтар бар. Ал жалпы ортақ белгілеріне келетін болсақ:

- Жан-дүниеге әсер ететін заттары қайталап қабылдауға деген дерттік құштарлық болуы.
- Оларға организм төзімділігі қалыптасуы.
- Физикалық тәуелділік.
- Рухани тәуелділік қалыптасуы




Жан дүниесіне әсерлі заттарды қайталап қабылдауға дерттік құштарлық себептері:

- Көңшіл күйін уақытша сергітіп, жайлылық шаттық сезім тудырады. Сондықтан оны қайталап қабылдауға деген ықылас пайда болады. Осыны « нығайту ерені » дейді.

- Оларды әрбір қабылдаудан кейінгі адамның жадыраңқы көңшіл күйі дерттік жүйе қалыптасуына әкеледі.





Ал мида нығайту жүйесінің дәнекерлері болып домафин, норадреналин, серотонин, эндорфиндер мен энкефалиндер есептеледі. Есірткілер нығайту жүйесін әсерлендіреді. Осыдан қорға жиналған қосымша жүйкелік дәнекерлер көптеп шығады. Бұл әл-қуатты арттырып, қайта қабылдауға тұрақты қуштарлықты қалыптастырады.




Біздің елдегі дәрігерлердің айтары
АҚШ ғалымдарының
тұжырымдамасына сәйкес, онда
нашақорларға ықпал ету тәсілін
өзгертуді ұсынады. Оларды
қылмыскер ретінде емес, ауруға
душар болған адамдар деген
тұрғыдан қарап, жазалаудың орнына
қайта емдеу қажет дегенді көлденең
тартады.

Нашақорлық салдары



Маскунем




Қорытынды

Елдегі есірткімен байланысты жағдайды жақсарту бойынша ауқымды жұмысты біз барлығымыз жұмыла істеуіміз керек. Сонда ғана біз оңтайлы нәтижелерге қол жеткізе аламыз.

Ең бастысы – есірткі бизнесіне және нашақорлыққа қарсы бірлесе отырып, күресуіміз қажет.



Нашақорлыққа
жоқ де!



Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Әділман Нұрмұхамбетұлы
“Патофизиология” (2ші басылым, 2000 ж.)
2. В.Ю.Шанин “Патофизиология” 2003 г.
3. В.С. Моисеев, А.А.Шелепин “Алкоголь и
болезни сердца”
4. Интернет мәліметтері Kaz.tube сайты.